


Ара және құмырсқа.

Олардың табиғаттағы маңызы



**АРА, ҮЙ АРАСЫ, БАЛ АРАСЫ (APIS MELLIFERA) – ЖАРҒАҚҚАНАТТЫЛАР ОТРЯДЫНЫҢ ӨКІЛІ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ ОБЛЫСТАРЫНДА КЕЗДЕСЕДІ. АРА ТОПТАЛЫП, ҮЛКЕН ҰЯ БОЛЫП ТІРШЛІК ЕТЕДІ. БІР ҰЯДА БІР ҰРҒАШЫ АРА. (АНАЛЫҚ АРА), БІРНЕШЕ ЖҮЗ ЕРКЕК АРА ЖӘНЕ ОНДАҒАН МЫҢ (100 МЫҢҒА ДЕЙІН) «ЖҰМЫСШЫ» АРА БОЛАДЫ. ҰРҒАШЫ АРА ҰЯДА ҰРПАҚ ӨСІРЕДІ. ОЛ АРАЛАРДЫҢ ІШІНДЕГІ ЕҢ ІРІСІ, ЖЫЛ МАУСЫМЫНА ҚАРАЙ ДЕНЕСІНІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ 20 – 25 ММ, АЛ**




**САЛМ. 150 – 300 МГ-ГЕ ЖЕТЕДІ. ТӘУЛІГІНЕ 2 – 3 МЫҢ, МАУСЫМЫНА 200 МЫҢ ҰРЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ЖҰМЫРТҚАҒА ДЕЙІН (КЕЙДЕ ҰРЫҚТАНДЫРЫЛМАҒАН ЖҰМЫРТҚАДА) САЛАДЫ. ҰРЫҚТАНҒАН ЖҰМЫРТҚАДАН ҰРҒАШЫ, ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ АНАЛЫҚ АРАЛАР, АЛ ҰРЫҚТАНДЫРЫЛМАҒАН ЖҰМЫРТҚАДАН ТЕК ЕРКЕК АРАЛАР ҒАНА ШЫҒАДЫ.**

Аралардың ең соңғы технология саналатын компьютерден де жылдам жұмыс істейтіні анықталды. Аралардың жұмыс істеуін компьютермен салыстырған зоологтар ғажайып мәліметтерге қол жеткізді. Ең соңғы технологиямен жасалған компьютер секундта 16 миллиард арифметикалық амал жасаса, күніміздегі аралардың осы мерзім ішінде аз ғана энергия жұмсап 10 триллиондық амал жасайды.

Бір гүлден екінші гүлге қонып өсімдіктердегі ұрықтануда маңызды рөл атқаратын араларға байланысты ғажайып мәліметтерге қол жеткізген мамандардың зерттеу нәтижесінде, 1 кг бал өндіру үшін жер шарын 6 рет айналатындай ұзақтыққа ұшатын аралардың 7 миллион 500 мың рет гүлге қонатындығы белгілі. Аралардың 28гр бал үшін ара ұясымен гүл арасында 1600 рет барып келетінін тіркеген зоологтар араның гүлдер үшін керек болса,



The background of the entire image is a close-up of a honeycomb, showing the characteristic hexagonal cells in shades of yellow and orange. Two bees are visible: one is positioned in the upper left quadrant, and the other is in the lower center. Both bees are facing downwards.

Бал арасы – табиғидәрі-дәрмектердің қайнар көзі. Одан алынатын бал арасы, перга, аналық сүтше, балауыз және ара желімі сияқты өнімдер қазіргі медицинада кеңінен қолданылады. Бал өте қоректі, ағзаға жақсы сіңетін шипалы өнім. Оның құрамында көптеген минералдық тұздар, органикалық қышқылдар, витаминдер, химиялық заттардың алмасуын күшейтетін ферменттер мен ақуыз бар.

Бұдан жүздеген жылдар бұрын-ақ адам баласы балдың шипалық қасиетін білген. Қазіргі бал асқазан, бауыр, бүйрек, жүрек өкпе және жүйке ауруларына, сондай-ақ суық тигенде, басқа да толып жатқан дертке қолданады. Қант диабетімен ауыратын адамдар мен семіз адамдарға ғана бал жеуге болмайды.



**Құмырсқа (Formicidae) – ЖАРҒАҚҚАНАТТЫЛАР ОТРЯДЫНЫҢ БІР ТҰҚЫМДАСЫ. ҚҰМЫРСҚА ЖЕР ШАРЫНДА КЕҢІНЕН ТАРАЛҒАН, ТЕК ҚИЫР СОЛТҮСТІКТЕ ЖӘНЕ АНТАРКТИДАДА ҒАНА КЕЗДЕСПЕЙДІ. ҚҰМЫРСҚАНЫҢ 10 МЫҢДАЙ ТҮРІ БАР. ОЛАРДЫҢ КӨПШІЛІК ТҮРЛЕРІ ТРОПИКТИК АЙМАҚТАРДА КЕЗДЕСЕДІ.**

**ДЕНЕСІ БАС, КӨКІРЕК ЖӘНЕ ҚҰРСАҚТАН ТҰРАДЫ. БАСЫ ҮЛКЕН, ЖАҚТАРЫ ЖАҚСЫ ЖЕТІЛГЕН, АУЫЗ АППАРАТЫ КЕМІРГІШ. КӨКІРЕК БӨЛІМІ ЖІҢШКЕ, ОНДА ҮШ ЖҰП АЯҚТАРЫ ЖАҚСЫ ЖЕТІЛГЕН. КӨПШІЛІК ТҮРЛЕРІНІҢ ҚҰРСАҚ БӨЛІМІНДЕ ШАНШАРЫ МЕН УЛЫ БЕЗДЕРІ ЖАҚСЫ ДАМЫҒАН, УЛЫ БЕЗДЕРІНЕН БӨЛІНЕТІН СҰЙЫҚТЫҚ – ҚҰМЫРСҚА ҚЫШҚЫЛЫ ДЕП АТАЛАДЫ. ҚҰМЫРСҚАЛАР, КӨБІНЕ ТОПТАНЫП (10 – 100 МЫҢ ДАРАСЫ БІРІГІП), АРНАЙЫ ИЛЕУ ЖАСАП, ТІРШІЛІК ЕТЕДІ. ӘРБІР ИЛЕУДЕ АТАЛЫҚ, АНАЛЫҚ, “ЖҰМЫСШЫ” ЖӘНЕ “ЖАУЫНГЕР” ҚҰМЫРСҚАЛАР БОЛАДЫ.**

Құмырсқалардың адам денсаулығына пайдасын көп халықтар ерте кездерден ақ білген. Аяғы ауыратындар кей жағдайларда құмырсқа илеуіне аяғын салып құмырсқаға шақтырған. Мысалы, Қытайда бұдан 5 мың жыл бұрын жазылған “Бың Цау Гаң Му” кітабында құмырсқаның қасиеті туралы қызықты деректер келтірілген. Құмырсқа денесінде 70-тен астам микроэлемент, 20-дан астам амин қышқылы, витаминдер бар. Қазіргі кезде Қытайда құмырсқадан аса бағалы азықтық, дәрілік қасиеті бар препараттар дайындалады.

Құмырсқаларға жүргізілген зерттеулер нәтижесінде олардың жұқпалы аурулармен ауырмайтындығы анықталған. Құмырсқадан алынатын дәрілер буын ауруларын, қант диабетін емдеуде, қан қысымын реттеуде қолданылады. Оңтүстік Азия елдері, Мексика тұрғындары құмырсқаны тағам ретінде де пайдаланады. Құмырсқалар жүрген іздерінде құмырсқа қышқылынан тамшы қалдырады, сол иіс бойынша адаспай табады. Орманда тіршілік ететін құмырсқалар ағашқа өрмелегенде де бірінің артынан бірі тізіліп жорғалайды, мұнда да құмырсқа қышқылы көмектеседі. Құмырсқалардың 5000-дай түрі бар. Қазақстанда көбірек кездесетіні жерден ін қазатын, үйлерде болатын өте ұсақ - уй құмырсқалары (шымылдар), орманда көбірек кездесетін - жирен құмырсқалар, қара құмырсқалар т.б. Құмырсқалар пайдалы, орманда тіршілік ететін жирен құмырсқаларды жыртқыштар деуге болады. Ол зиянды жұлдызқұрттармен, жауын құрттармен және жалаңаш шырыштармен қоректенеді. Ағаштардағы зиянды жәндіктерді құртып, пайда келтіреді.







**Назарларыңызға  
рахмет**